

## "Вагондардың техникалық жағдайын тексеру, вагонды ағытпай жөндеу" кәсіби стандартты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 29 қарашадағы № 960 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 19 желтоқсанда № 8994 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Вагондардың техникалық жағдайын тексеру, вагонды ағытпай жөндеу» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұқаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің  
міндетін атқарушы*

*С. Сарсенов*

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
міндетін атқарушы  
Қ. Әбсаттаров

2013 жылғы 04 қараша

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация министрінің  
міндетін атқарушысының  
2013 жылғы 29 қарашадағы  
№ 960 бұйрығымен бекітілген

## **«Вагондардың техникалық жағдайын тексеру, вагонды ағытпай жөндеу» кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы бөлім**

1. «Вагондардың техникалық жағдайын тексеру, вагонды ағытпай жөндеу» кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) «Әр түрлі көлік жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу» кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне және құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын реттеуге;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде жұмысшылардың құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар, ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары, ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлері бойынша жүктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заттары – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – жұмысшының еңбек заттарын бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас б ө л і г і ;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қ а б і л е т і ;

11) лауазым – лауазымдық уәкілеттіктер және лауазымдық міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек заттары мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты і с - қ и м ы л ж и ы н т ы ғ ы ;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс

жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – сол немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

## **2. КС паспорты**

5. КС паспорты мынаны анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі - 03-2007 ҚР МЖ) «33.17 Әр түрлі көлік жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу»;

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты:

вагондарды техникалық күйде тексеру, ағытпай жөндеу;

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

## **3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары**

**1-параграф «Вагондарды тексеруші-жөндеуші, (аға) вагондарды тексеруші-жөндеуші, вагондарды тексеруші-жөндеуші (цистерна клапандарын жөндеу бойынша)»**

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 2-3, СБШ бойынша – 2-3;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 7511 «Теміржол көлігі жол машиналары мен механизмдеріне қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмысшылар кәсіптері»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: вагондарды тексеруші-жөндеуші, (аға) вагондарды тексеруші-жөндеуші, вагондарды тексеруші-жөндеуші (цистерна клапандарын жөндеу бойынша);

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - жүк поезд қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақауларды анықтау және жою үшін техникалық қызмет көрсету және қорапты ағытпай жөндеу;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына

қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Вагондарды тексеруші-жөндеушінің, (аға) вагондарды тексеруші-жөндеушінің, вагондарды тексеруші-жөндеушінің (цистерна клапандарын жөндеу бойынша) еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 1-кестесінде келтірілген.

## **2-параграф «Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі, автотіркесті жөндеу слесарі»**

7. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 2-4, СБШ бойынша – 2-4;  
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 8281 «Басқа топтарға кірмеген операторлар, аппаратшылар, машинистер мен стационарлық жабдықтардың слесарь - жинаушылары» ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: жылжымалы құрамды жөндеу слесарі, автотіркесті жөндеу слесарі;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - жүк және жолаушылар көлігінің жылжымалы құрамын пайдалануда ақауларды анықтау және жою, жылжымалы құрамның түйіндері, қондырғылары, агрегаттарының диагностикасы, алдын алу шаралары, жөндеу;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жылжымалы құрамды жөндеу слесарінің, автотіркесті жөндеу слесарінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 2-кестесінде келтірілген.

## **4. КС бірліктерінің тізімі**

8. КС бірліктерінің тізімі осы КС 3-қосымшасының 1-5-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

## **5. КС бірліктерінің сипаттамасы**

9. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 1-5-кестелерінде келтірілген.

## 6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

10. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

11. Осы КС негізінде берілетін сертификаттың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында көзделген КС бірліктерінің тізіміне сәйкес анықталады.

## 7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркелуі

12. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі болып табылады.

13. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.  
«Вагондардың техникалық жағдайын тексеру, вагонды ағытпай жөндеу» кәсіби стандартына 1-қосымша

## Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметі (кәсіптің) түрлері

№ р/н	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының үрдісі ескерілген кәсіп атауы	ҚР МЖ 01-2005 сәйкес кәсіп атауы	СБШ біліктілік деңгейлері	БТБА бой разряды
1	Поезд қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақауларды анықтау және жою үшін техникалық қызмет көрсету және қорапты ағытпай жөндеу	Вагондарды тексеруші-жөндеуші, (аға) вагондарды тексеруші-жөндеуші, вагондарды тексеруші-жөндеуші (цистерна клапандарын жөндеу жұмысы бойынша)	Вагондарды тексеруші-жөндеуші	2-3	4-7
2	Жүк және жолаушылар көлігінің жылжымалы құрамын пайдалануда ақауларды анықтау және жою. Жылжымалы құрамның түйіндері, қондырғылары, агрегаттарының диагностикасы, алдын алу шаралары, жөндеу жұмыстары	Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі, автотіркесті жөндеу слесарі	Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі	2-4	1-8

Ескертпе: БТБА – Қазақстан Республикасы жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген 52 шығарылым.

«Вагондардың техникалық жағдайын  
 тексеру, вагонды ағытпай жөндеу»  
 кәсіби стандартына  
 2-қосымша  
 1-кесте

**1. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Вагондарды тексеруші-жөндеуші, (аға) вагондарды тексеруші-жөндеуші, вагондарды тексеруші-жөндеушінің (цистерна клапандарын жөндеу бойынша) еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар**

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (ұйымдар)	Теміржолдар, станциялар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Мүмкін зиянды жағдайлар – шудың жоғары деңгейі, вибрацияның жоғары деңгейі, жұмыс аймағындағы ауаның жоғары тозаңдылығы мен газдылығы	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық шектеулер: Қазақстан Республикасының Заңнамасы бойынша Жұмысқа рұқсат: медициналық куәландырылғаннан кейін, еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалық, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқамалық сонымен қатар өтке қарсы нұсқамалықтан соң	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы орта білімнің бар болуы кезіндегі практикалық тәжірибе және/не кәсіптік дайындық (ұйым базасындағы қысқа мерзімді курстар, кәсіпорындағы білім не оқу)	Жұмыс өтіліне талап қойылма
3	Жалпы орта білім не техникалық және кәсіптік орта білімнің бар болуы кезіндегі практикалық тәжірибе және/не кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі кәсіптік дайындық бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорындағы оқулар)	2 деңгейде 1 жыл
	Қосымша кәсіптік дайындықты техникалық және кәсіптік білім	Жұмыс өтіліне талап қойылма

2-кесте

**2. Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі, автотіркесті жөндеу слесарінің еңбек жағдайына, білім және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар**

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (ұйымдар)	Өнеркәсіп, цех, учаске	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Мүмкін зиянды жағдайлар – шудың жоғары деңгейі, вибрацияның жоғары деңгейі, жұмыс аймағындағы ауаның жоғары тозаңдылығы мен газдылығы	

Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық шектеулер: Қазақстан Республикасының Заңнамасы бой Жұмысқа рұқсат: медициналық куәландырылғаннан кейін, еңбекті қорғау бой кіріспе нұсқамалық, жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқам сонымен қатар өтке қарсы нұсқамалықтан соң	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білімі мен оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы орта білімнің бар болуы кезіндегі практикалық тәжірибе және/не кәсіптік дайындық (ұйым базасындағы қысқа мерзімді курстар, кәсіпорындағы білім не оқу)	Жұмыс өтіліне талап қойылма
3	Жалпы орта білім не техникалық және кәсіптік орта білімнің бар болуы кезіндегі практикалық тәжірибе және/не кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі кәсіптік дайындық бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорындағы оқулар)	2 деңгейде 2 жыл
4	Жоғары білім	Жұмыс өтіліне талап қойылма

«Вагондардың техникалық жағдайын тексеру, вагонды ағытпай жөндеу» кәсіби стандартына 3-қосымша

## КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

### 1. «Вагондарды тексеруші-жөндеуші, (аға) вагондарды тексеруші-жөндеуші, вагондарды тексеруші-жөндеушінің (цистерна клапандарын жөндеу бойынша)» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Контейнерлер мен вагондарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу
2 Ф	Зақымдалған жылжымалы құрамға техникалық құжат рәсімдеу

2-кесте

### 2. «Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі, автотіркесті жөндеу слесарінің» еңбек қызметінің (кәсіптің) түрі

Шифр	Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы
1 Ф	Қарапайым түйіндерді ажырату, жинақтау, қарапайым бөлшектерді дайындау және жөндеу
2 Ф	Жылжымалы құрам ақауларын анықтау және жою
3 Ф	Жөндеуге жабдықтарды дәлдікке тексеру, сынау және тапсыру

Ескертпе: Ф – функция.



«Вагондардың техникалық жағдайын  
 тексеру, вагонды ағытпай жөндеу»  
 кәсіби стандартына  
 4-қосымша

**КС бірліктерінің сипаттамасы**

1-кесте

**1. СБШ 2-деңгейіндегі «Вагондарды тексеруші-жөндеушісі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі**

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
1 Ф	Поезд, әмбебап қондырғылар және өзі жүретін машиналар, вагондар, контейнерлер	Құралдар жиынтығы, қондырғылар және өзі жүретін машиналар	1-1 М Поезд қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақауларды анықтау және жою	Поезд қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақауларды анықтау және жою жұмыстары әдістерін анықтау	Бөлшектер мен түй жарамсыздығы м рұқсат нормас жөндеудің жоспа түрлері мерзімін ту базалық білім. Жүк техникалық текс тасымалдау және с Вагондарды ағыт жөндеу технологи Слесарлық, ағ шеберлігі жәғ жабындық жұмыст өндірудің озық әді вагондар меі контейнерлерді теі кезінде қолданыл өлшеу құралдарі құрал-жабдықтар оларды пайдалану; сипаттамаларын рі тәртібіне бағытта. бос контейнерле жолдан жөнелту тә өзі жүретін маши құрылғысы меі универсалдық қондырғылар, ақа себептері мен еск және оларды ж әдістері. Поезды жө кезінде қоршау ту базалық білім
			1-2 М Барлық типті жүк вагондарына арналған күрделі әмбебап қондырғылар немесе өзі жүретін машиналарға қызмет көрсету	Күрделі әмбебап қондырғылар немесе өзі жүретін машиналарға қызмет көрсету жұмыстары әдістерін анықтау	
			1-3 М Машина мен қондырғылардың электрлік, гидравликалық, пневматикалық және көтерме құрылғылар жағдайын қамтамасыз ету және жөндеу	Машина мен қондырғылардың электрлік, гидравликалық, пневматикалық және көтерме құрылғыларының электр қозғалтқышын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
			1-4 М Жүк вагондарының сақталуын қамтамасыз ету, олардың маневрлік жұмыстар мен тиеу-түсіру операциялары кезіндегі зақымдарын ескерту	Жүк вагондарының сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын, маневрлік жұмыстар мен тиеу-түсіру операциялары кезіндегі зақымдарды өзіндік бақылау және өзіндік түзету	
			1-5 М Вагондар мен контейнерлердегі жөндеу	Жүк вагондарының сақталуын қамтамасыз ету жұмыстары көлемін орындау әдістерін	

			жұмыстарын анықтау және көлемін орындау	нұсқамалық негізінде анықтау	
			1-6 М Қорапты, жауапты тіреу түйіндерін, жүретін бөліктер, автотіркес құрылғысын, тежегіштер мен автореттегішті иінтіректі берілістерді, томалалы және жылжымалы мойынтіректі букстік түйіндерді, бәсендеткіш-карданды қозғалтқышты, тоңазытқыш мотор-желдеткішті қондырғыны, электрлі және радио радио жабдығын, вагондарды жылыту жабдығы, еден, шатыр, жабық және изотермикалық вагондарды ағытпай жөндеу	Қорапты, жауапты тіреу түйіндерін, жүретін бөліктер, автотіркес құрылғысын, тежегіштер мен автореттегішті иінтіректі берілістерді, томалалы және жылжымалы мойынтіректі букстік түйіндерді ағытпай жөндеу жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
			1-7 М Контейнерлерді техникалық тексеру, жөндеу және жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін саңылаусыздығын анықтау	Контейнерлерді техникалық тексеру, жөндеу және жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін саңылаусыздығын анықтау жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
2 Ф	Контейнерлер, вагондар		2-1 М Контейнерлерге жүктелімдер, үлгілер және тізімдеме рәсімдеу	Контейнерлерге жүктелімдер, үлгілер және тізімдеме рәсімдеу жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
			2-2 М Жарамсыз вагондар мен контейнерлер есебін жүргізу	Жарамсыз вагондар мен контейнерлер есебін жүргізу жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
			2-3 М Зақымдалған және мүліктерден шығарылатын вагондар мен контейнерлерге техникалық акт дайындау	Зақымдалған және мүліктерден шығарылатын вагондар мен контейнерлерге техникалық акт дайындау жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	

## 2. СБШ 3-деңгейіндегі «Вагондарды тексеруші-жөндеушісі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
1 Ф	Поезд, әмбебап қондырғылар және өзі жүретін машиналар, вагондар, контейнерлер	Құралдар жиынтығы, қондырғылар және өзі жүретін машиналар	1-8 М Магистралды теміржол көлігі аралық станцияларындағы және өндірістік кәсіпорындардың кіреберіс жолдарындағы техникалық қызмет көрсету бекеттерінде вагондарды техникалық тексеру және ағытпай жөндеу; контейнер алаңдарындағы контейнерлерді жөндеу кезінде техникалық қызмет көрсетуде	Поезд қозғалысы қауіпсіздігіне қауіпті ақауларды жою жұмыстарын өзіндік анықтау және өзіндік ұйымдастыру дағдысы	Бөлшектер мен түй жарамсыздығы м рұқсат нормас жөндеудің жоспа түрлері мерзімін ту базалық білім. Жүк техникалық текс тасымалдау және с Вагондарды ағыт жөндеу технологи Слесарлық, ағ шеберлігі жән жабындық жұмыст өндірудің озық әді вагондар мел контейнерлерді те кезінде қолданыл өлшеу құралдар құрал-жабдықтар оларды пайдалану, сипаттамалары ре тәртібіне бағытта.
			1-9 М Вагондарды техникалық тексеру және ағытпай жөндеу, вагондарды тиеу және тексеру станциялары мен учаскелік және аралық станцияларда вагондарды тасымалдауға дайындау	Күрделі әмбебап қондырғылар немесе өзі жүретін машиналарға нұсқаулық негізінде қызмет көрсету жұмыстары нәтижесін өзіндік анықтау және өзіндік ұйымдастыру және бағалау	
			1-10 М Вагондарды тиеу алдында жаппай тиеу, түсіру, сараптау станциялары мен кластан тыс, 1 және 2 класты учаскелік станцияларда орналасатын техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі күрделі универсалды өзі жүретін қондырғыны, вагонды ж ө н д е у машиналарындағы техникалық ақауларды жою	Машина мен қондырғылардың электрлік, гидравликалық, пневматикалық және к ө т е р м е құрылғыларының электр қозғалтқышын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
			1-11 М Тиеу алдында тексеру және ақауларды жою, түсірудің пневматикалық және механикалық жүйесін тексеру, хоппер типті вагондардың,		

			вагондарды тиеу алдында жаппай тиеу, түсіру, сараптау станциялары мен учаскелік станцияларда орналасатын техникалық қызмет көрсету бекеттеріндегі автомобильдерді тасымалдау вагондарындағы, жолаушылар поезын жинақтау (айналым) бекеттеріндегі вагондардағы жүктерді бекіту	Жүк вагондарының сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын, маневрлік жұмыстар мен тиеу-түсіру операциялары кезіндегі зақымдарды өзіндік бақылау және өзіндік түзету	бос контейнерле жолдан жөнелту тә өзі жүктерін маши құрылғысы ме универсалдық қондырғылар, ақа себептері мен еск және оларды ж әдістері. Поезды ж кезінде қоршау ту базалық білім
2 Ф	Контейнерлер, вагондар		2-1 М Контейнерлерге жүктелімдер, үлгілер және тізімдеме рәсімдеу	Контейнерлерге жүктелімдер, үлгілер және тізімдеме рәсімдеу жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
			2-2 М Жарамсыз вагондар мен контейнерлер есебін жүргізу	Жарамсыз вагондар мен контейнерлер есебін жүргізу жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	
			2-3 М Зақымдалған және мүліктерден шығарылатын вагондар мен контейнерлерге техникалық акт дайындау	Зақымдалған және мүліктерден шығарылатын вагондар мен контейнерлерге техникалық акт дайындау жұмыстарын өзіндік бақылау және өзіндік түзету дағдысы	

3-кесте

### 3. СБШ 2-деңгейіндегі «Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
			1-1 М Бекіту бөлшектері, бұрандамалар мен сомындардағы бұрандаларды	Нұсқамалық негізінде жұмыстар әдісін таңдау және бекіту бөлшектері бұрандаларын кесу, серпілту, саңылауларды қол және механикаландырылған	Қолданылатын слес құралдар, өңделе материалдар атауы таңбасы, кең тара

1 Ф	Бөлшектер, жылжымалы құрам түйіндері	Слесарлық құрал, таңбалаушылар, бұранда кескіштер	таңбалаушылармен және бұранда кескіштермен кесу, серпілту	құралдармен бұрғылау қарапайым жұмыстарын орындау	қарапайым жабды мен өлшеу құрал туралы білім
			1-2 М Бөлшектерді тазалау, жуу және бояу. Қарапайым слесарлық құралдарды қайрау. Бөлшектерді шабу, кесу және егеу	Бөлшектерді шабу, кесу және егеу жұмыстары мен қарапайым слесарлық құралдарды қайрау жұмыстары әдісін таңдау	Жуу және бо сұйықтығы түрлері міндеттері, жөндел жылжымалы құ жұмыстары принци кең таралған эмб және арнайы жабды мен өлшеу құрал міндеттері тура. базалық білім
			1-3 М 12-14 квалитет бойынша слесарлық өңдеу. Бөлшектерді және сұрыпталған материалдарды дайындау	14 квалитет бойынша слесарлық өңделген бөлшектер мен сұрыпталған материалдарды дайындау әдісін таңдау	Бұрандама және вал біріктірілген қарап түйіндерді жөндеу жинақтау бойын слесарлық жұмыст орындау әдістел принциптері тура базалық білім

4-кесте

#### 4. СБШ 3-деңгейіндегі «Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
2 Ф	Жылжымалы құрам, тартымды жылжымалы құрам, бөлшектер, түйіндер мен механизмдер, электрондық құрылғы	Өлшеу құралдары, слесарлық, қол құралдары, гидравликалық қол домкраты, сомын және қамыт кілті, зілбаға, сүймен, кувалда, лом, ДЭТ-30	2-3 М Бөлшектер сапасын және қажетті жөндеу жұмыстарын анықтау	Бөлшектер сапасын анықтау, жөндеу жұмыстарын өзіндік анықтау және өзіндік ұйымдастыру дағдысы	Жылжымалы құрал жөнделетін объектілерінің не түйіндері құрылғы міндеті және әрекеттестігі тур білім. Бөлшектер түйіндерді бірікті түрлері, жек механизмдерді ре және сынауды техникалық шарт туралы білім
			2-4 М 6-12 квалитет бойынша бөлшектерді жөндеу және дайындау	6-12 квалитет бойынша бөлшектерді жөндеу және дайындау жұмыстарын өзіндік анықтау және өзіндік ұйымдастыру дағдысы. Жөндеуді орындау әдістерін өз бетінше анықтау	Жылжымалы құрал құрылымдық ерекшеліктері м техникалық шартт кемшіліктер квали мен параметрлері т білім

		электрлік көтергіші	2-5 М Жабдықтардың түйіндері мен механизмдерін ажырату, жинақтау және жөндеу	Жабдықтардың түйіндері мен механизмдерін ажырату, жинақтау және жөндеу жұмыстарын орындау әдістерін өз бетінше анықтау. Жабдықтардың түйіндері мен механизмдерін ажырату, жинақтау және жөндеу жұмыстарын өзіндік анықтау және өзіндік ұйымдастыру дағдысы	Негізгі түйінде жинақтау әдіс жылжымалы құрам жөнделетін объектілерінің не бөлшектерінің әрекеттестігі және ажырату, жинақ процесі туралы білі
3 Ф	Жабдықтың түйіндері мен жеке механизмдері, тартымдық жылжымалы құрам, турбокомпрессор	Өлшеу құралдары, слесарлық, қол құралдары жиынтығы, гидравликалық қол домкраты, сомын және қамыт кілті, зілбаға, лом, ДЭТ-30 электрлік көтергіші	3-1 М Жинақталған түйіндер мен жеке механизмдерді реттеу және сынау	Жинақталған түйіндер мен жеке механизмдерді реттеу және сынау жұмыстарын өзіндік ұйымдастыру және өзіндік бағалау	Әмбебап және ар жабықтар құрыл жылжымалы құ түйіндері мен агрегаттарын жина сынау және ретте техникалық шарт туралы білім
			3-6 М Ақаулар тізімдемесін құрастыру	Ақаулар тізімдемесін құрастыру жұмыстарын өзіндік ұйымдастыру және өзіндік бағалау	Рұқсат және отыр жүйесі технологи ақаулар тізімдем жүргізу үлгісі тур білім

5-кесте

## 5. СБШ 4-деңгейіндегі «Жылжымалы құрамды жөндеу слесарі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

Шифр	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер	Шеберлігі және дағдылары	Білімі
2 Ф	Жылжымалы құрам, тартымдық жылжымалы құрам, бөлшектер, түйіндер мен	Өлшеу құралдары, слесарлық, қол құралдары, гидравликалық қол домкраты, сомын және қамыт кілті, зілбаға, сүймен, кувалда, лом,	2-1 М Жылжымалы құрамның барлық негізгі құрастыру тобы ақауларын анықтау және ескерту	Жылжымалы құрамның барлық негізгі құрастыру тобы ақауларын анықтау және ескерту жұмыстарын өзіндік анықтау және өзіндік нормалау және нәтижесін бағалау	Түйіндерді белгілеу орнату амалдар принциптері және әдістері, жөндел объектінің түйін жиынтығы мен құрастыру топта дұрыстығын текс туралы білім
			2-2 М Жүк және жолаушылар көлігінің жылжымалы құрамын пайдалану кезіндегі ақауларын жою	Тартымдық жылжымалы құрам ақауларын жою жұмыстары нәтижесін нақтылау және бағалау. Жүк және жолаушылар көлігінің жылжымалы құрамы ақауларын жою	Жылжымалы құра дәлдікке тексер амалдары, принци және әдістері, бөл ақауларын анық

	механизмдер, электрондық құрылғы	ДЭТ-30 электрлік көтергіші		жұмыстарын өзіндік анықтау және өзіндік нормалау	әдістері мен қал келтіру әдістері ту білім
			2-6 М Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін электрондық жабдықтарды жөндеу және үлестіру	Электрондық жабдықтарды жөндеу және үлестіру нәтижесін нақтылау және бағалау, бекітілген жұмыс технологиясын сақтау нәтижесін бағалау	Барлық жөнделетоптамалар локомотивтері түйіндерін, қондырғылары м жабдықтарын бел және орнату амал әрекеттестігі жүйес
3 Ф	Жабдықтың түйіндері мен жеке механизмдері, тартымдық жылжымалы құрам, турбокомпрессор	Өлшеу құралдары, слесарлық, қол құралдары жиынтығы, гидравликалық қол домкраты, сомын және қамыт кілті, зілбаға, лом, ДЭТ-30 электрлік көтергіші	3-2 М Жылжымалы құрамның түйіндерін, қондырғылары, жабдықтары мен агрегаттарын реттеп, орнатып, бейімдеп, теңгеріп және сынап диагностикалау, алдын алу шараларына жүргізу, жөндеу	Жылжымалы құрамның түйіндерін, қондырғылары, жабдықтары мен агрегаттарын диагностикалау, алдын алу шараларына жүргізу, жөндеу мәселелерін нақтылау және нәтижені бағалау. Жылжымалы құрамның түйіндерін, қондырғылары, жабдықтары мен агрегаттарын реттеу, орнату, бейімдеу, теңгеру және сынау жұмыстарын өзіндік нормалау дағдысы	Орталықтандыру, бейімдеу стендте реттеу технология амалдары мен принциптері тур локомотив жабдық диагностикалау я сынау әдістері, жістеуші бөлшекте түйіндер мен механизмдердің мүжүктемесі туралы б
			3-3 М Электрондық жабдық блоктарын икемдеу, сынау	Электрондық жабдық блоктарын икемдеу, сынауды қамтамасыз ету жұмыстарын өзіндік анықтау және өзіндік нормалау және нәтижесін бағалау	Электрондық жабдықтардың пайдаланылатын локомотивтері м блоктарының бар типтері мен топтамалдары мен принциптері тур білім
			3-4 М Жөндеуден кейінгі жүктемелі және жанаспалы сымдағы тартымдық жылжымалы құрамды сынау	Тартымдық жылжымалы құрамды сынау нәтижесін нақтылау және бағалау	Жабдықтың түйін, тартымдық жылжы құрам, агрегат я қондырғылар әрекеттестігі кестес жүйесі амалдар принциптері тур білім
			3-5 М Турбокомпрессор роторын, электрлік	Турбокомпрессор роторын, электрлік машина зәкірін, қосалқы жабдық бөлшектері мен түйіндерін теңдестіруді орындауда тапсырмаларды	Диагностика, жөнд қою және ше амалдары, принци мен әдістері, сығ ескерту шаралары

		машина зәкірін, қосалқы жабдық бөлшектері мен түйіндерін теңдестіру	нақтылау, мәселелерін қою, нәтижелерін бағалау,	алдын алу, тотығу апаттардың алдын туралы білім
--	--	---	---	---

Ескертпе: М – мақсат.

«Вагондардың техникалық жағдайын тексеру, вагонды ағытпай жөндеу» кәсіби стандартына 5-қосымша

## Келісі парағы

Ұйым атауы	Келісу күні
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	

Осы КС \_\_\_\_\_ тіркелді.  
Кәсіптік стандарттардың реестріне № \_\_\_\_\_ тіркелді.  
Хат (хаттама) № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_